КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 21 ақпан №3115-24-00-2/3517 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.С.Сәрсенбиева
сот отырысының хатшысы Р.Ахметова
ашық сот отырысында қойылған талап қоюы бойынша азаматтық ісін қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ERGELDI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАП ҚОЮЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі А.Абдыкасымова, жауапкер өкілдері С.Байдильдаев, М.Абдиров

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

«Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - талап қоюшы) және «ERGELDI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі - жауапкер) арасында 2024 жылғы 29 қазанда жалпы сомасы 7 054 880 теңгеге «Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы» №03-06/454 шарт жасалған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың №1 қосымшасымен, жауапкер «Жамбыл облысы әкімдігінің ғимаратындағы куполды, жұмсақ шатырды ағымдағы жөндеу, флагштоктың сыртын ауыстыру» жұмыстарын Шарт қазынашылық органдарында тіркеген кезден бастап күнтізбелік 30 күн ішінде орындау міндеттерін алған.

Жауапкермен Шарттың орындалуын қаматамсыз ету сомасы енгізілген.

Шарт қазынашылық органында 2024 жылғы 29 қазанда тіркеуден өтіп, күшіне енген, яғни орындау мерзімі 2024 жылғы 28 қарашаға көзделген.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшы жауапкер шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны үшін оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюымен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға жазбаша пікірін жолдап, шарт міндеттерін орындау үшін сметалық құжаттамаға сәйкес бірқатар жұмыстар атқарылғанын, атап айтқанда 6 метр ту тұғырының конструкцияларын бояу, туды жылжыту үшін роликтерді дәнекерлеп орнату және тапсырыс берушінің сұранысы бойынша екі қабатта балқытылған материалдардан жасалған жабынның орнына куполдың ішінен жоғары көтерілетін баспалдақты құрастыра отырып дәнекерлеу. Тапсырыс беруші тарапынан ғимараттың күмбезінің жоғарыдағы қауіпсіз шыңдалған айна шынының жалпы қалыңдығы 9-10 мм кем болмауы, шыңдалған айна шынының түсі көк және трипплекс болуы керектігі талап етілгенін. Алайда, аталған талаптар сметалық құжаттамада көрініс таппағанын. Ескертпелерді негізге ала отырып келіссөздер жүргізу нәтижесінде, орнатуға көзделген айна шынының бағасы шартта көзделген сомадан қымбат болғандықтан орнату мүмкін болмағанын, ал тапсырыс берушінің ескертпелерін негізге алмай сметалық құжаттамада көрсетілген қауіпсіз шыңдалған айна шыныны қойып беруге толық мүмкіншілігі бар екенін назарға алуды сұрап, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрайды.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі А.Абдыкасымова: талап қоюды толық қолдайтынын, жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысу кезінде барлық құжаттармен танысқанын және орындау міндетін алғанын. Бірқатар дайындық жұмыстарын жүргізгенін жоққа шығармайтынын, алайда, жұмыстар орындалмағанын және қабылданбағанын. Шарт талаптарына сай, жұмыстар толық орындалған жағдайда қабылдау және қаражат төлеу көзделгенін. Жауапкермен Шарт міндеттерін орындау болмағандықтан 2024 жылғы 25 желтоқсанда Шарт біржақты бұзылып, қаражат мемлекетке қайтарылғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілдері С.Байдильдаев, М.Абдиров: талап қоюмен келіспей, қарсы пікірлеріне ұқсас түсініктемелерін беріп, тапсырыс беруші тарапынан берілген ескертпелерді негізге ала отырып келіссөздер жүргізу нәтижесінде орнатуға көзделген айна шынының бағасы шартта көзделген сомадан едәуір қымбат болғандықтан орнату мүмкін болмағанын көрсетіп. Жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танымауды сұрады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272 бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 28.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.04.2025, судья Сарсенбиева Б. С., 02.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың 2.3 тармағына сай, төменде тізбеленген құжаттар және оларда айтылған шарттар осы Шартты құрады және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда: осы Шарт; лоттар тізбесі және жұмыстарды орындау шарты (1-қосымша) және техникалық ерекшелігі (2-қосымша).

Шарттардың 4.1 тармағының 1) тармақшасымен, орындаушы Шарт бойынша өздеріне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Сот отырысында анықталғаны, жауапкермен шарт міндеттері орындалмаған, тараптар арасында Шарттарда көзделген жұмыстарды қабылдап алу актілері бекітілмеген.

Жауапкер тарапынан Шарт міндеттерін орындау мүмкін еместігін дәлелдейтін жеткілікті негіздер ұсынылмады.

Жауапкер өкілінің тапсырыс беруші тарапынан берілген ескертпелерді негізге ала отырып орнатуға көзделген айна шынының бағасы шартта көзделген сомадан едәуір қымбат болғаны және тапсырыс беруші тарапынан ғимараттың күмбезінің жоғарыдағы қауіпсіз шыңдалған айна шынының жалпы қалыңдығы 9-10 мм кем болмауы, шыңдалған айна шынының түсі көк және трипплекс болуы керектігі талап етілгені, аталған талаптар сметалық құжаттамада көрініс таппады деген уәждеріне сын баға беріледі.

Өйткені, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) (қолданыс кезеңіндегі редакцияда) 38-бабының 4-тармағына сәйкес әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Яғни, жауапкер Шарт талаптарымен, атап айтқанда техникалық ерекшелік талаптарымен, ақау актісімен және сметалық құжаттамамен (локалды смета) танысқан және Шартқа қол қойып, оның талабымен келіскен.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12 бабының 4 тармағының 3 тармақшасына сай (бұдан әрі - Заң) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі ол, мемлекеттік сатып алу туралы өздерімен жасасқан шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Мердігерді жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін кінәсі болуы керек.

Жауапкермен Шарттың және оның қосымшаларының талаптарында, көрсетілген «Жамбыл облысы әкімдігінің ғимаратындағы куполды, жұмсақ шатырды ағымдағы жөндеу, флагштоктың сыртын ауыстыру» жұмыстарын орындалғанын растайтын дәлелдер ұсынылмады.

Ал, Шарттың 6.1 тармағымен, жұмыс орындалды деп саналады орындаушының жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 28.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.04.2025, сұдья Сарсенбиева Б. С., 02.05.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

талаптарға толық сәйкестікте тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналатыны көзделген.

Алайда, орындау болмаған және Шартты бұзуға негіз болған. Шартты бұзу әрекеттеріне шағым келтірілмеген.

АК-нің 349 бабына сай, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Жоғарыдағылардың негізінде, талап қоюшының талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің (бұдан әрі – АПК) 117 бабының 1 бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «ERGELDI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ERGELDI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ERGELDI» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Шешім түпкілікті нысанда 28 ақпан 2025 жылы шығарылды.

Судья Б.С.Сәрсенбиева

Құжатқа қол қойылған: Сарсенбиева Б. С., 28.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.04.2025, судья Сарсенбиева Б. С., 02.05.2025